

Петицияға қосылу қағидаларын және петицияға қосылу туралы жазбаша арыз нысанын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2023 жылғы 6 желтоқсандағы № 489-НҚ бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 7 желтоқсанда № 33733 болып тіркелді

ЗКАИ-ның ескертпесі!

Осы бүйрық 2024 жылғы 4 сәуірден бастап қолданысқа енгізіледі

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі 90-3-бабының бірінші бөлігіне сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналар:

- 1) осы бүйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Петицияға қосылу қағидалары;
- 2) осы бүйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Интернет-ресурста петицияға қосылу туралы жазбаша арыз нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Мемлекет пен қоғам коммуникацияларын дамыту департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бүйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бүйрық 2024 жылғы 4 сәуірден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрі

A. Балаева

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат
министрі
2023 жылғы 6 желтоқсандағы
№ 489-НҚ бүйрыққа
1-қосымша

Петицияға қосылу қағидалары 1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Петицияға қосылу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Әкімшілік ресімдік-процестік кодексі (бұдан әрі – Кодекс) 90-2-бабының бірінші бөлігіне және 90-3-бабының бірінші бөлігіне сәйкес әзірленді және петицияға қосылу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынандай үфымдар пайдаланылады:

1) арыз иесі – Кодексте белгіленген тәртіппен петицияға қосылатын Қазақстан Республикасының азаматы;

2) петиция – мемлекеттік органға, жергілікті өкілді және атқарушы органға электрондық құжат нысанында жіберілген және Кодексте белгіленген тәртіппен қаралатын ұжымдық хабар, үн қосу немесе ұсыныс;

3) үекілетті орган – мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылы саласындағы үекілетті орган.

3. Петицияға қосылу электрондық нысанда немесе жазбаша түрде жүзеге асырылады.

4. Петицияға қосылу арыз иесі Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасына сәйкес берілетін дербес деректерін жинауға және өндеуге келісімін берген жағдайда жүзеге асырылады.

2-тaraу. Петицияға электрондық нысанда қосылу тәртібі

5. Петицияға қосылу "Электрондық өтініштер" ақпараттық-талдау жүйесінде электрондық нысанда жүзеге асырылады.

6. Петицияға қосылу үшін арыз иесі "Электрондық жолданымдар" ақпараттық-талдау жүйесіне кіруі, петицияны таңдауы және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қол қоюды жүзеге асыруы қажет.

7. Арыз иесі петицияға қосылған кезде "Электрондық жолданымдар" ақпараттық-талдау жүйесінде оның аты және тегінің бірінші әріпі көрсетіледі.

3-тaraу. Петицияға жазбаша түрде қосылу тәртібі

8. Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бірлігі шекараларында Интернет желісі болмаған кезде арыз иесі үекілетті органға жазбаша түрде петицияға қосылу туралы арыз жібереді.

9. Петицияға қосылу туралы жазбаша арыз осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша (бұдан әрі – нысан) мынадай құжаттарды:

1) жеке куәлікті;

2) арыз иесі өкілінің тиісті өкілеттіктерін растайтын құжаттың көшірмесін (егер петиция оның өкілімен берілсе);

3) петицияға қатысты растайтын құжаттарды және (немесе) өзге де материалдарды (қажет болған кезде) қоса бере отырып жазылады.

10. Арыз белгіленген нысанға сәйкес келген кезде уәкілетті орган арызды келіп түскен күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде (арыз иесінің атын және тегінің бірінші әріпін көрсете отырып) "электрондық жолданымдар" ақпараттық-талдау жүйесінде арызда көрсетілген петицияға қосады.

11. Ұсынылған арыз белгіленген нысанға сәйкес келмеген не онда ақпарат толық көрсетілмеген кезде уәкілетті орган уәжді ескертулермен арызды қайтарады және бұл жөнінде арыз иесін келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде электрондық нысанда және (немесе) жазбаша түрде хабардар етеді.

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрі
2023 жылғы 6 желтоқсандағы
№ 489-НҚ бұйрыққа
2-қосымша
Нысан

Кімге _____,
(мемлекет пен азаматтық
қоғамның өзара іс-қимылы
саласындағы уәкілетті органның
атауы)

Кімнен _____,
(тегі, аты, әкесінің аты (бар
болған кезде))

ЖСН: _____
(нөмірді көрсету)

Накты тұратын жерінің
mekенжайы: _____
(накты тұратын жерінің
mekенжайын көрсету)

Тіркеу орнының мекенжайы:

(тіркеу орнының мекенжайын
көрсету)
Байланыс
телефоны: _____
(телефон нөмірін көрсету)

Интернет-ресурста петицияға қосылу туралы арыз

Мен, Қазақстан Республикасының азаматы _____
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде) интернет-ресурста орналастырылған
"_____ қырыбындағы (петицияның мазмұны) петицияға қосыламын.

Петицияға мынадай құжаттар:

1) жеке куәліктің көшірмесі;

2) өкілдің тиісті өкілеттігін растайтын құжаттың көшірмесі (егер петицияны арыз иесінің өкілі берсе);

3) петицияға қатысты растайтын құжаттар және (немесе) өзге де материалдар (қажет болған кезде) қоса беріледі.

Осы арызбен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзім ұсынатын (толтырған) ақпараттың анықтығына жауапты болатынымды растаймын.

Дербес деректерді өндөуге келісемін:

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде)

Толтыру күні: 20__ жылғы "__"

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК